



**O‘ZBEKISTON RESPUBLIKASI XALQ
TA‘LIMI VAZIRLIGI**

RESPUBLIKA TA‘LIM MARKAZI

**UMUMIY O‘RTA TA‘LIMNING
O‘QUV DASTURI**

**QOZOQ
ADABIYOTI**

**Umumiy o‘rta ta‘limning
6-, 7-, 10-sinflar uchun**

**2022-2023
o‘quv yili uchun**





VI СЫНЫП ӘДЕБИЕТ (68 сағат, апталық - 2 сағат)

Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар:
көркем әдебиеттің түрлері мен олардың айырмашылықтарын ажыратады;

халық ауыз әдебиетін түсінеді;

шығарма үзінділерін мәнерлеп оқиды;

өлеңді (шағын көлемдегі) жатқа айтады;

шығарма қаһармандарына өзінің пікірлерін білдіреді;

сурет негізінде бейнелі мәтіндер жаратады;

шығармалар мен еркін тақырыптар бойынша жазба жұмыс (мәтн, мазмұндама) жазады.

**Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар:
(тереңдетілген сыныптар үшін)**

еркін пікірлерін ауызша және жазбаша түрде баяндайды;

әдеби қаһарман талаптарына сәкес ерекшеліктерін ажыратады;

кітапханадан керекті кітаптарды таңдай алады.

Кіріспе ӘР БІР КҮН – САБАҚ (12 сағат)

Ыбырай Алтынсарин. «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі мен басқа да шығармаларының тәрбиелік мәні. *Теориялық мәлімет:* Көркем шығарманың тілі.

Ғафур Ғұлам. Жазушының өмірі мен шығармашылық қызметі туралы. «Сұм бала» шығармасының көркемдік ерекшеліктері. *Теориялық мәлімет:* Көркем шығармадағы оқиғаларды суреттеу.

Бердібек Соқпақбаев. «Менің атым Қожа» повесінен үзінді. Шығармадағы Қожа мінезінің өзіндік ерекшеліктері. Балаң жас Қожа қиялы мен сезімталдығы рухани жан-дүниесі. Шығармадағы оқиғаның тартымдылығы мен табиғилығы. *Теориялық мәлімет:* Көркем бейне құралдары.

Өткір Хашимов. («Фермер күні», «Соғыстың соңғы құрбаны», «Өзбек ісі» әңгімелері). «Әлемдік істер» прозалық шығармасынан үзінді. *Теориялық мәлімет:* Көркем мәтіннің ерекшеліктері.

Қайталау.



СӨЗДЕ СИҚЫР БАР (10 сағат)

Ертегілер. «Аяз би» ертегісінде көтерілген негізгі мәселелер. Аяз бидің әділдігі, айтқан төреліктері.

Ежелгі дәуір әдебиеті. «Алып Ер Тұңға» туралы мәлімет және «Алып Ер Тұңға» жыры. **Әдебиет теориясы:** Кейіптеу, градация, арнау туралы түсінік.

Әлішер Науаидің рубаилары.

Абай Құнанбаев. Ақынның «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ», «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Бірінші қара сөз», «Жетінші қара сөз», «Отыз бірінші қара сөз» өлеңдерінің тақырыптары мен оларда көтерілген негізгі мәселелер.

ЛЭНГСТОН ХЬЮЗ «Рахмет, анашым» әңгімесі.

Қайталау.

ҚЫЗЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ФАНТАЗИЯ ӘЛЕМІ (15 сағат)

Оралхан Бөкей. «Тортай мінген ақ боз ат» хикаясынан үзінді.
Теориялық мәлімет: пейзаж туралы түсінік.

Қалқаман Әбдіқадыров: «Қажымұқан» повесінен үзінді.
Теориялық мәлімет: метонимия және троп.

Хожиакбар Шайхов: әңгімелері («Ренаның жұмбақтары», «Жетінші операция», «Мектеп сахнасы», «Ақылды әлем» т.б. қысқа әңгімелер мен романдары).

Шерхан Мұртаза: «Тұтқын бала» романынан үзінді немесе **Мұхтар Мағауин:** «Бір атаның балалары» повесінің тәлімдік-тәрбиелік мәні.
Теориялық мәлімет: Шытырман оқиға туралы түсінік.

Артур Конан Дойл. «Шерлок Холмс» туралы әңгімелер.
Теориялық мәлімет: Детектив туралы түсінік

Қайталау.

ӘСЕРЛІ СЕЗІМДЕР (12 сағат)

Төлеген Айбергенов өлеңдері («Адамдар», «Арал толқындарында»). **Әдебиет теориясы:** Көркем бейне құралдары.

Азим Суюн өлеңдері немесе **Омон Матжон** өлеңдері.

Оскар Уайльд: «Бақытты ханзада» немесе «Өзімшіл алып» ертегісі.

Поэзия үлгілері: Мұқағали Мақатаев өлеңдері («Туған жерге», «Арман қуып», «Өкінбеймін», «Мәңгілік жастық», «Таудағы көктем» өлеңдері). **Әдебиет теориясы:** Өлең жайлы қысқаша түсінік. (шумақ, тармақ, буын, бунақ, ырғақ пен ұйқас).

Қайталау.

Әдебиет пәнінен тақырыптық жоспарлар (6-сынып)

№	Бөлімдердің атауы	Жалпы сағаттардың бөлінуі				
		Шығармаларды үйрену және талдау үшін	Қайталау	Бақылау үшін	Өз бетінше оқыған шығармалар талқылауы	Жалпы
1.	Кіріспе.	2				2
2.	Әр бір күн - сабақ	12	1	2	1	16
3.	Сөзде сиқыр бар	10	1	2	1	14
4.	ҚЫЗЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ФАНТАЗИЯ ӘЛЕМІ	15	1	2	2	20
5.	Әсерлі сезімдер	12	1	2	1	16
	Жалпы	51	4	8	5	68

VII СЫНЫП

ӘДЕБИЕТ

(68 сағат, апталық - 2 сағат)

Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар:
көркем әдебиетті ғылыми әдебиеттен және өнерден ажыратады;
өтірік әңгіме, аңыз және сықақтарды бір-бірінен ажыратады;
шығарма идеясын талдайды, отан алдындағы борышын сезінеді;
балладаны әдеби түрлерден ажыратады;
өлеңнің әсерлілігін қамтыған әдеби құралдарды анықтайды;
қазақ халқының ежелгі және бүгінгі өмірін салыстырады;
шығарма негізінде шығармашылық жазба жұмыс (мәтін,
мазмұндама) жазады;
тақырыпқа тиісті тестер шешімін табады.

**Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар:
(тереңдетілген сыныптар үшін)**
зиянды идеялар ықпалынан өзін-өзі қорғау;
шығармалардағы адамзат тіршіліктері, азаптары бейнесі жазбаша
және ауызша пікірін дәлделдейді;
классикалық, заманауи және әлем әдебиетіне тән шығарма мен
оның қаһармандарына жазбаша және ауызша мазмұндама жасайды.

КІРІСПЕ (1 сағат)

Көркем әдебиеттің қоғамда алатын орны мен негізгі мәні. Әрі оның эстетикалық, тәлім-тәрбиелік және өмірді таныта білудегі құдіреті. Оның үстіне, көркем шығармалардағы суреттеу тәсілдерінің әрқилығы мен әрбір қаламгерлердің даралық сипаттары. Көркем шығармада көрініс тапқан бейнелер мен қоршаған ортадағы адамдар арасындағы байланыстар мен ұқсастық сырлары.

I ТАРАУ ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ (12 сағат)

Мұхтар Әуезов: «Көксерек» повесі.

Сәкен Сейфуллин: “Көкшетау” поэмасы немесе басқа поэмасы.

Қадыр Мырзалиев: «Қызыл кітап» поэмасы. *Әдеби теориялық ұғым:* Поэма туралы түсінік.

Поэзиялық үлгілер: **Асқат Мұхтар** поэзиясынан үлгілер, немесе **Зулфия** поэзиясынан үлгілер.

Эрнест Хемингуей: «Шал мен теңіз» повесі. *Әдеби теориялық ұғым*: Портрет немесе символ туралы түсінік.

Қайталау.

II ТАРАУ ТУҒАН ЖЕР — АЛТЫН БЕСІГІМ (10 сағат)

Мағжан Жұмабаев: поэма («Батыр Баян» немесе басқа)

Қабдеш Жұмаділов: әңгіме («Қаздар қайтып барады» немесе басқа)

Поэзия үлгілері: **Қасым Аманжолов** немесе **Фариза Оңғарсынова** поэзиясынан үлгілер. *Әдеби теориялық ұғым*: Эпитет туралы түсінік.

Сирожиддин Сайид поэзиясынан үлгі.

Әлем әдебиеті үлгілерінен

Расул Ғамзатов: «Менің Дағыстаным» повесі. *Әдеби теориялық ұғым*: тақырып пен идея туралы түсінік.

Қайталау.

III ТАРАУ ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ (15 сағат)

Дулат Бабатайұлы: «Еспенбет» дастаны.

Шортанбай Қанайұлы поэзиясынан үлгілер «Зар заман» немесе басқа толғауы. *Әдеби теориялық ұғым*: Толғау туралы түсінік, эпитет туралы түсінік.

Мұхтар Шаханов: «Нарынқұм зауалы», «Отырар сазы» поэмасы, немесе тағы басқа.

Прімқұл Қадыров: «Жұлдызды түндер» романынан үзінділер. *Әдеби теориялық ұғым*: Роман туралы түсінік.

Қайталау.



IV ТАРАУ

МІНЕЗ – АДАМ АЙНАСЫ

(12 сағат)

Абай Құнанбаев: шығармашылығынан үлгілер.

Мұхтар Мағауин: әңгіме («Ең үздік оқушы», «Менің балаларымның туысқан ағасы» немесе басқа). *Әдеби теориялық ұғым:* мінездеу туралы түсінік.

Төлен Әбдіков: әңгіме «Қонақтар» немесе басқа.

Антон Чехов: әңгімелері («Хамелон», «Жуан мен жіңішке» немесе басқа) *Әдеби теориялық ұғым:* Образдың түрлері туралы түсінік. Көркем шығармадағы деталь.

Поэзия үлгілері: **Саида Зуннунова** поэзиясынан үлгі. *Әдеби теориялық ұғым:* Лирика.

Қайталау.

№	Бөлімдердің атауы	Жалпы сағаттардың бөлінуі				
		Шығармаларды үйрену және талдау үшін	Қайталау	Бақылау үшін	Өз бетінше оқыған шығармалар талқылауы	Жалпы
	Кіріспе. Шешендік сөздер	2				2
1.	Табиғат және адам	12	1	2	1	16
2.	Туған жер – алтын бесігім	10	1	2	1	14
3.	Тарих тағылымы	15	1	2	2	20
4.	Мінез – адам айнасы	12	1	2	1	16
	Жалпы	51	4	8	5	68

Х СЫНЫП ӘДЕБИЕТ (68 сағат, аптасына 2 сағат)

Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар:

- ✓ проза, поэзия, драмалық шығарма үлгілерін мәнерлі оқиды және мән-мазмұнын түсіне алады;
- ✓ көркем шығарманың сюжетін қайта әңгімелеп береді;
- ✓ ежелгі жәдігерліктерді қадірлейді
- ✓ көркем шығармада көрсетілген оқиғаларды сын тұрғысынан талдайды;
- ✓ әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетінің өзіне тән ерекшеліктерін ажыратады;
- ✓ өлең, ғазел түзілісінің мазмұнын түсіндіреді;
- ✓ отан алдындағы азаматтық борышын түсінеді;
- ✓ күрделі жоспар түзеді, еркін пікірлеуі негізінде шығармалар жазады, тесттер түзеді.
- ✓ өткен және бүгінгі өмірді салыстырма, логикалық тұрғыдан анықтайды;
- ✓ әдеби-шығармашылық жаңалықтарынан хабардар болады.

КІРІСПЕ (1 сағат)

Қазақ-өзбек халықтар достығы, әдеби-мәдени байланыстары жайлы. Бабыр мен Ғафур Ғұламның қазақ ақын-жазушыларына тигізген игі әсерлері, ақын-жазушылар әлемі туралы ой толғау.

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН (12 *+7 сағат)

Халық ауыз әдебиеті туралы түсінік.

“Алпамыс” дастаны немесе “Қыз Жібек” дастанынан үзінділер.

Ежелгі дәуір әдебиетінің даму жолдары. Ежелгі Шығыс әдебиеті.

Антик дәуір (Ежелгі Греция және Рим) әдебиеті.

Гомер немесе Софокл шығармашылығынан үлгілер

ОРТА ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН (10 *+5 сағат)

Классикалық қазақ әдебиеті және оның даму басқыштары.

Әбу Насыр Фараби немесе Жүсіп Баласағұни шығармашылығынан үзінділер.

Әлішер Науаи: “Хамса” жайлы бірер сөз. “Ескендір қорғаны” дастанынан үзінділер.

Жыраулар поэзиясы: Асан Қайғы Сәбитұлы, Қазтуған жырау немесе Доспамбет жырау шығармашылығынан үлгілер.

Орта ғасырлардағы әлем әдебиеті үлгілері.

Мигель де Сервантес. “Дон Кихот” романынан үзінділер

XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР ӘДЕБИЕТІ (15 *+9 сағат)

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің даму тенденциялары.

Жыраулар поэзиясының соңғы кезеңі: Бұқар жырау, Ақтамберді жырау немесе Махамбет Өтемісұлы шығармашылығынан үлгілер.

Абай Құнанбаев: Поэмаларынан үзінділер.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин немесе Шәкәрім Құдайбердиев шығармашылығынан үлгілер.

XIX ғасырдағы өзбек ағартушылық әдебиеті.

Ағартушылық әдебиеті: Фурқат, Муқими немесе Завқи шығармашылығынан үлгілер.

XVIII-XIX ғасырлардағы әлем әдебиетінің даму тенденциялары.

Александр Пушкин: “Евгений Онегин” өлең жолды романынан үзінділер.

Теориялық мәлімет: Әдеби ағымдар: романтизм және реализм.

XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ: XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ (12 *+6 сағат)

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму тенденциялары.

Мұхтар Әуезов: “Еңлік-Кебек” драмасы немесе “Хан Кене” драмасы.

Теориялық мәлімет: Әдеби шығарманың кейіпкері. Статикалық және динамикалық образдар.

XX ғасырдағы өзбек әдебиетінің даму тенденциялары.

Абдулла Авлони немесе Ғафур Ғұлам шығармашылығынан үлгілер.

XX ғасырдағы әлем әдебиетінің даму тенденциялары.

Эрих Мария Ремарк: “Батыс майданында өзгеріс жоқ” романынан үзінділер.

ОҚУ САҒАТТАРЫНИҢ БӨЛИМДЕР БОЙЫНША БӨЛИНҮ

	Тараулардың атауы	Сағаттардың бөлінуі				
		Жалпылаушы сабақтар, шығармаларды үйрену және талдау үшін	Қайталау	Бақылау үшін	Өз бетінше оқыған шығармаларды талқылау	Жалпы
	Кіріспе.	2				2
1	Халық әдебиеті ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінен	8	1	1	1	11
2	Орта ғасыр әдебиеті үлгілерінен	16	1	2	1	20
3	XVIII-XIX ғасырлар әдебиеті	16	1	2	2	20
4	XX ғасыр әдебиеті үлгілері: XX ғасырдың басы	10	1	2	1	15
	Жалпы	52	4	7	5	68

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУГЕ АРНАЛҒАН ОҚУ САҒАТТАРЫНИҢ БӨЛИМДЕР БОЙЫНША БӨЛИНҮ

№	Тараулардың атауы	Сағаттардың бөлінуі				
		Жалпылаушы сабақтар, шығармаларды үйрену және талдау үшін	Қайталау	Бақылау үшін	Өз бетінше оқыған шығармаларды талқылау	Жалпы
	Кіріспе.	2				2
1	Халық әдебиеті ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінен	12	1	2	2	17

2	Орта ғасыр әдебиеті үлгілерінен	24	1	3	2	30
3	XVIII-XIX ғасырлар әдебиеті	24	1	3	2	30
4	XX ғасыр әдебиеті үлгілері: XX ғасырдың басы	16	1	3	3	23
	Жалпы	78	4	11	9	102